



Бекітсе:

№ 29 «Ай-Керім» бөбекжай

бақпасының меңгерушісі:

А.И. Ходжамуратова

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің
технологиялық картасы

“Біздің қаннаты достарымыз”



“Бәйшешек” ортанғы тобы

Тәрбиеші: Куралова А.К

Шымкент 2022ж

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тобы: «Бәйшешек» екінші кіші тобы

Білім саласы: Таным, Коммуникация, Әлеумет, Шығармашылық

Білім бөлімі: Көркем әдебиет, Қоршаған ортамен таныстыру, Жапсыру, Суретсалу

Өтілетін күні:

Тақырыбы: «Біздің қанатты достарымыз»

Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білген білімдерін жетілдіре түсу.

Құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Құстар туралы тапқар мен жұмбақ шешу арқылы балдардың тілдік қорын жетілдіру.

Қамқорлықпен қарауға баулу. Адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларға құстардың табиғаттың бір бөлшегі екендігін түсіндіру. Құсқа деген достық, аяушылық сезімдерін қалыптастыру. Көктемде ұшып келетін құстарға мейірімділік таныту, қорғауға тәрбиелеу.

Міндеті: Көркемдік талғаммен ой-қиялын дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру арқылы, сөздерді толық айтуға машықтандыру. Шығармашылықтарын дамыту.

Көрнекіліктер: Дидактикалық материалдар, суреттер, слайд

Алдын-ала жұмыстар: Д/О «Дыбысынан таны»


Блингвалдық компоненттері: Құс-птицы

Инклюзивтік әлеумет: Айарудың өз бетінше жұмыс жасауына көмектесу.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешілер қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері Біздер жақсы баламыз, Өсті ақыл санамыз Қонақтармен ең алғаш, Амандасып аламыз Амансыздар ма! Жарқырасын күніміз, Жайнай тұрсын гүліміз Жақсы ниет тілекпен Бастайық күнді бүгін біз	Шаттықшеңберін бірлесе айтады.
Ұйымдастыру-ізденушілік	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Олай болса, көктем мезгіліне сипаттама берейікші? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Қане ай аттарын айтайықшы? -Е/с. Құстардың дауысын есту арқылы (ұнтаспадан құстың дауысын естірту балаларға) -Балалар бұл ненің дыбысы? -Дұрыс айтасыздар. Сендер қандай құстарды білесіңдер? Балалар сендер жыл құстары дегенді қалай түсінесіңдер? Олай болса мен сендерге түсіндіріп жіберейін. Сондай-ақ құстар жыл құстары және қыстап қалатын құстары болып бөлінеді екен. Күннің суытып, жәндіктердің көпшілігі қырылып қалады, кейбір жәндіктер ағаштардың қуыстарына тығылады. Осылайша құстардың жемі азаяды. Осыған байланысты құстар жылы	-Көктем мезгілі. Күн жылынады, қар ериді, ағаш бүршік жарып, жапырақ өседі, құстар ұшып келеді -Үш ай -Наурыз, сәуір, мамыр Құстардың Тырна, тоқылдақ, торғай, қарлығаш т.б Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

жаққа ұшып кетеді. Ол құстарды жыл құстары деп атаймыз. Құстардың бір бөлігі күзде ұшып кетпей, сол жерде қыстап қалады. Оларды қыстап қалатын немесе отырықшы құстар деп атайды

—Олай болса жыл құстарына назар аударайықшы. (слайд)Жыл құстары тырна, қарлығаш, тоқыдақ т.б. жатады.



Дұрыс айтасындар балалар!

Қыстап қалатын құстар: бүркіт, торғай, қарға,
т.б. жатады.



Ендеше құстарға байланысты ойын ойнауға
қалай қарайсындар.

1. Ойын: « Құстардың бөлшектерін құрастыру»



Балаби сен кандай құс құрастырдың?
Жарайсындар балалар!

Балалар мына тақтаға назар аударындаршы

Нені байқап тұрсындар?

Шеңберлердің түстері кандай?

Қызыл шеңберде не бейнеленген? Ал көк түсті
шеңберде не бейнеленген?

Дұрыс айтасындар.

Қызыл түсті шеңбер көктем мезгілін, яғни
күннің жылы екенін білдіреді.

Ал көк түсті шеңбер қыс мезгілін даланың
суық жерде қар жатқанын білдіреді.


Енді сендердің алларыңда жатқан құстарды осы
шеңберлерге орналастырайық.

-Балалардың
жауабы, торғай
, қарлығаш

-шеңбер

-қызыл, көк

-Қызылда күннің
бейнесі, ал көк түсте
қардың бейнесі



Жарайсыңдар балалар!

Тәрбиеші: Балалар жыл құстары туралы өлең шумақтарын айтып бересіңдер ме.

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырсам жөнүің жөнессіңдер ме?

Тал басында тамаша үй.

Шарлап келіп даланы,
Үйіме үй салады.

Дидактикалық ойын:
« Құстардың мекенін тауып береміз»

-Әрине

-Ой балалар, балалар
Құстарда да ана бар
Құстардада бала бар
Обалына қалмайық

-Шыр-шыр еткен
торғайды
Қорғамасак болмайды
Кіп-кішкентай
торғайлар
Ағаштарды қорғайды

-Таспен атып торғайды
Ұя бұзған оңбайды
Құс өпкелеп кетеді
Бақшамызға қонбайды.

-Әрине

-Ұя

-Қарлығаш



-Жарайсындар сендер өте тамаша екенсіндер,
ендеше балалар шаршаған боларсындар, олай
болса орнымыздан тұрып бой жазып алайық.

Сергіту сәті.

Біз балдырған баламыз
Құстай қанат қағамыз
Дүниені аралап
Оқып білім аламыз
Көзді салып қараңыз
Былай қанат қағамыз.

Нап қоқымып шашпаймыз,
Жерде жатса баспаймыз,
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаймыз,
Құс ұясын бұзбаймыз,
Жұмыртқасын алмаймыз,
Құстар біздің досымыз,
Құстардың біз досымыз.

Шығармашылық алаңға келу.

Барлығы бірлесе іс
кимылмен сергіту сәтін
жасайды.



Жетекші-жөндеуші	-Балалар сендерге бүгінгі ҰОҚ ұнадыма? Кәне құстар туралы білімдерінді «Ұшты-ұшты» ойыны арқылы тексеріп көреміз бе? Ұшты ұшты сұңқар ұшты (қолды көтеру) Ұшты-ұшты тұлпар ұшты (қолды көтермейді) Ұшты-ұшты қарға ұшты (қолды көтереді) Ұшты-ұшты арба ұшты (қолды көтермейді) Ұшты-ұшты ұшақ ұшты (қолды көтереді) -Сендерге өз жұмыстарың ұнадыма? Жарайсыңдар тамаша, олай болса балалар қонақтармен қоштасайық.	-Әрине -Тексеріп көреміз -Әрине
--------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Балалар көктем құстары мен қыстап калатын құстарды ажырата білді.

Қалыптасқан түсініктер: Құстардың тіршілігі жайында түсініктері қалыптасты.

Орындаушылық қабілеті: Ойындарды түсініп ойнады. Өз бетінше жұмыс жасай алады.